

**8D07210 (6D070800) – «Мұнай газ ісі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін іздену үшін ұсынылған
Жетекова Ляззат Бишебаевнаның «Батыс Қазақстандағы қиын шығарылатын мұнай қорлары бар кенорындарын пайдалану
тиімділігін арттыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

СЫН-ШІКІРІ

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшем шарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсетілген)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) <u>Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған</u> (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсетілген)</p> <p>Жетекова Ляззат Бишебаевнаның «Батыс Қазақстандағы қиын шығарылатын мұнай қорлары бар кенорындарын пайдалану тиімділігін арттыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ғылымды дамытудың келесі бағыттарына сәйкес орындалған: қиын өндірілетін мұнай қорларында тиімділігін арттыруға бағытталған.</p> <p>Диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылыми дамуының басым бағытына сәкес келеді: 1-бағыт бойынша Экология, қоршаған орта және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану, оның ішінде 21) Мұнай және газ кенорындарын игеру және пайдалану.</p>

2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады /қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған /ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс анық емес кластерлік талдау әдісіне және еліміздегі қиын өндіруге жататын мұнай объектілерін оларды өндірудің күрделілік дәрежесін анықтайтын белгілер жиынтығы бойынша жіктеу әдістемесін әзірлеуге негізделген. Бұрын ұсынылған әдістемеден мұнай құрамындағы қоспаларды есепке алумен ерекшеленетін, оларды өндірудегі қиындық дәрежесін айқындайтын белгілер кешені бойынша елімізде өндірілуі қиын мұнай объектілерін жіктеу әдісінің жасақталуы ғылымның дамуына үлкен үлес қосатыны сөзсіз. Әсіресе, алынуы қиын мұнай қоры бар кенорынды пайдалану тиімділігін арттыру талаптарын ескере отырып, бұл зерттеу атқарылған жұмыстардың маңыздылығын толық ашады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары ; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертациялық жұмысты талдауда ізденушінің пәндік саланы терең зерттегендігі, зерттеу жұмысында алға қойылған теориялық және практикалық міндеттерді өз бетінше шеше алғандығын көрсетті. Зерттеу жұмысын орындау барысында автор біліктілік және дербестік деңгейінің жоғары екендігін байқатты.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген ; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Л.Б.Жетекованың диссертациялық жұмысы анық емес кластерлік талдауды қолдана отырып, қасиеттері (тұтқырлығы, тығыздығы), құрамы және пайда болу шарттары бойынша мұнайды кешенді жіктеу; мұнай өндіру динамикасын статистикалық талдау және келесі кезеңдегі мұнай өндіру көрсеткіштерінің мәндерін болжамды бағалау; мұнай қорлары қиын өндірілетін кенорындардың геологиялық және физикалық жағдайында максималды мұнай өндіруді қамтамасыз етудің жаңа әдістерін ұсынады және тәжірибелік сынақтар нәтижесімен негіздеген. Жұмыс бойынша әдеби шолу жасау барысында автор нормативтік дереккөздерге шолу жасаған, әдістемелерді салыстыра отырып, жұмыстың өзектілігін нақтылаған.

		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды <u>1) айқындайды;</u> 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мазмұны жұмыс тақырыбына толықтай сәйкес, мазмұны мен зерттеу қадамдарының құрылымы логикалық дұрыс реттілікпен қойылған және диссертация тақырыбын айқындайды.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: <u>1) сәйкес келеді;</u> 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері тұтастығымен, жүйелігімен, сондай-ақ оларды жүзеге асыру жолдарымен ерекшеленеді және тақырыпқа толықтай сәйкес атты басым бағытқа сәйкес келеді.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: <u>1) толық байланысқан;</u> 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ.</p>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері логикалық тұрғыдан толық байланысқан. Жұмыстың ішкі бірлігі негізделген, зерттеудің мақсаты мен міндеттері нақты тұжырымдармен аяқталған ғылыми еңбекті білдіреді.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: <u>1) сыни талдау бар;</u> 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.</p>	<p>Автор ұсынған жаңа шешімдер дәйектелген. Жұмыста қиын алынатын мұнай қорлары бар кенорындарды пайдалану тиімділігін арттыру бойынша талдау және шешім қабылдау жүйесі салыстырылып бағаланған, диссертант өзіндік пікірін білдірген, яғни диссертацияда сыни талдау бар.</p>

5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25% -дан кем)	Жұмыста келтірілген ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табылады. Олар автордың ғылыми жарияланымдарында және зерттеу жұмыстарының нәтижесінде ұсынылған.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%- дан кем)	Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қорытындылары, тәжірибелі ұсыныстары толығымен жаңа болып табылады. Диссертацияның қорытынды жаңалығы 26 және 48 процентильді шетелдік рецензияланатын журналдарда мақала жариялануымен расталады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%- дан кем)	Зерттеу негізінде диссертациялық жұмыста ұсынылып отырған техникалық және технологиялық шешімдер толығымен жаңа. Оны рейтингтік журналдардағы жарияланымдар, халықаралық конференциялар сынақтар, кафедраның ғылыми семинарлары ,өндірістің техникалық кеңестері және зерттеу нәтижелерін өндіріске енгізу актілері растайды («Қаражанбас» АҚ).
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куоолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық жұмыста қорғауға ұсынылған барлық қорытындылар ғылыми тұрғыда дәлелді түрде негізделіп көрсетілген.

7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>Қорғауға ұсынылған негізгі нәтижелер теориялық негіздермен және тәжірибелік нәтижелермен дәлелденген.</p> <p>Диссертациялық жұмыста тривиалды элементтер жоқ. Жұмыста заңдылықтар мен зерттеу үдерістері қазіргі заманауи теориялық және технологиялық көзқарастармен үндестірілген.</p> <p>Диссертациялық жұмысты қорғауға шығарылған негізгі ғылыми қағидалар мен зерттеу нәтижелері жаңа.</p> <p>Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттардың қолдану аясы орташа. Себебі, бұл технология мұнай өнеркәсібінде қолдануға ұсынылып отыр.</p> <p>Алынған нәтижелер бойынша мақалалар жарияланды.</p>
8.	Дәйектілік қағидаты	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Жұмыстың әдістемесіне арнайы бөлім арналған және толық сипатталған. Жұмыста таңдалып алынған әдістемелер негізделген және ғылыми тілде нақты жазылған.</p>

Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыста қол жеткізілген нәтижелер қазіргі заманғы озық компьютерлік технологиялар кеңінен қолданумен алынды.
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған.
	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды мәліметтер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған, бұған дәлел ретінде жұмыстың бірінші бөліміндегі әдеби талдауларды келтіруге болады.
	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті /жеткіліксіз	Автор диссертациялық жұмыста 131ден астам әдеби деректерге, интернет ресурстарына жеткілікті деңгейде шолу жасаған

9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) бар; 2) жоқ	Диссертацияның теориялық маңызы өте зор. Жұмыстың теориялық маңыздылығы негіздерін дамытуға, ғылыми негіздерін құруға негізделген.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның маңызды практикалық әлеуеті бар және оның нәтижелерін нақты өндірістік қызметке енгізуге болады. Қаражанбас кенорнын игеру динамикасын талдау мұнай өндірудегі өзгерістердің тенденцияларын анықтауға мүмкіндік берді, бұл процестерді тиімді жоспарлауға және оңтайландыруға ықпал етеді. Статистикалық талдау негізінде көрсеткіштерді болжау басқа нысандарда да қолдану мүмкіндігін ашады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%- дан кем)	Практикалық ұсыныстардың жаңа екендігіне шетелдік және Қазақстан көлеміндегі журналдарда жарияланған мақалалар, дәлел бола алады. Диссертациялық жұмыс материалдары бойынша 13 жұмыс жарияланған, олардың ішінде: Scopus, Thomson Reuters (Томсон Рейтер) базасындағы нөлдік емес импакт факторы бар басылымдарда - 6 мақала. Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдарында – 3 мақала, мақаланың қалған бөлігі Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда жарияланған.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыс ғылыми жұмыстарға қойылатын барлық талаптарға сәйкес келеді және ішкі бірлігі бар. Барлық бөлімдері өзара логикалық түрде байланысқан және қойылған міндеттерді шешуге бағытталған.
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертациялық жұмысты талдау барысында ескертулер болған жоқ.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы		Диссертациялық жұмысты орындау кезінде жарияланған ізденуші мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі орташа деп санаймын, дегенмен әр мақала маңызды тақырыпты қамтиды.

	нысанында корғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	Диссертациялық жұмыста алынған нәтижелер толық және оның авторы, Жетекова Ляззат Бишебаевнаның философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Қорытынды

Қорытындылай келе, диссертациялық жұмысқа оң баға бере отырып, Жетекова Ляззат Бишебаевнаның 8D07210 (6D070800) – «Мұнай газ ісі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне алуға ұсынылған «Батыс Қазақстандағы қиын шығарылатын мұнай қорлары бар кенорындарын пайдалану тиімділігін арттыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы толық көлемде жан-жақты зерттелгендігін алға тартамын. Алынған нәтижелердің ғылыми деңгейі және орындалған зерттеулер көлемі бойынша «дәрежелерді беру қағидаларының» талаптарына сәйкес келетіндігін мәлімдеймін. Ізденуші Жетекова Ляззат Бишебаевнаны 8D07210 (6D070800) – «Мұнай газ ісі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ресми рецензент:

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»,
«Тау кен ісі» кафедрасының профессоры,
техника ғылымдарының кандидаты



А.Е. Куттыбаев



